


Өндірісте өсім бар  
2-бет



Жайлылық айналдан басталады  
3-бет



Дәуір тынысының тамыршысы  
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 20 ШІЛДЕ, 2024 ЖЫЛ №80 (23 402)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

## Құрметті металлургтер және сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Металлургтер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Металлургия біздің өңірдің және тұтастай алғанда елдің экономикасын дамытудың негізгі салаларының бірі болып табылады. Металлургия өнеркәсібінің тұрақты дамуы алдымызда тұрған міндеттерді табысты шешуге мүмкіндік береді.

Кәсіби мерекеге орай біз осы салада еңбектеніп келе жатқан азаматтарға, отандық металлургияның дамуына баға жетпес үлес қосқан сала ардагерлеріне үлкен алғысымызды білдіреміз.

Бұл қатарда доменшілер, болат балқытушылар, прокатшылар, құюшылар мен темір ұсталары, кеншілер және қызметі осы саламен тығыз байланысты басқа да мамандық иелері бар. Халық бұл саланың өкілдерін «Отты мамандық иелері» деп тегін айтпаса керек. Олардың еңбекқорлығы мен қажыр-қайраты біз үшін батылдық пен таңдаған мамандыққа деген адалдықтың үзгісі екені анық.

Біз сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасылық бақыт және жұмыстарыңызға табыс тілейміз.

**Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,**  
Қарағанды облысының әкімі  
**Нүркен КОБЖАНОВ,**  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• МЕРЕЙ

## Металлургтің мәртебесі өскен күн

Балқашта кәсіби мереке қарсаңында металлургтерге құрмет көрсетілді. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен еліміздің өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық дамуына қосқан жемісті еңбегі үшін бірқатар сала қызметкерлері мемлекеттік наградаларға ие болды. Олардың қатарында Kazakhmys Smelting, «Сары Қазына», «Қоңырат» мыс компаниясының қызметкерлері бар. Мемлекет басшысының атынан орден мен медальдарды Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев табыстады.



**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңір басшысы металлургтерге күнделікті ерен еңбегі үшін ақжарма алғысын білдірді.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде кәсібилікке сауатты көзқарас қалыптастыру қажет екенін, елдің байлығы – еңбек адамы екенін бірнеше рет айтқан еді. Біздің облыс табиғи ресурстармен ғана емес, талантты адамдармен, жоғары санатты кәсіпкерлермен, нағыз еңбеккерлермен де танымал. Балқаш – еліміздегі ең ірі түсті металлургия орталығы. Осы саланың ардагерлеріне ерекше алғыс айтым келеді. Сіздердің көп жылғы еңбектеріңіз бен мамандыққа деген адалдықтың металлургтердің жаңа буынын тәрбиелейтін үлгі болды. Металлург мамандығы жастар үшін өзекті болып қалатыны қуантады. Сарқылмас энергия-

ның, жастардың инновациялық тәсіліне деген ұмтылыстың арқасында отандық металлургия одан да күшті және технологиялық сипатқа ие болады, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Әріптестерін «Қазақмыс» корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басқарма төрағасы Нұрахмет Нұриев те құттықтады.

– Бүгінде «Қазақмыс» кәсіпорындарында металлургия дивизионында алты мыңнан астам адам еңбек етуде. Бұл үлкен отбасы! Біз жұмыс істеп тұрған өндірістік қуат көзін жаңғыртуға және жетілдіруге бағытталған бірқатар іс-шаралар өткіземіз. Мысалы, биыл Балқашта құрама газ құбырын қайта құру негізінде ауқымды жоба аяқталуда. Бұл өнім шығаруды арттырып қана қоймай, ең алдымен атмосфераға күкірт диоксиді шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді, – деді ол.

Нұрахмет Нұриев, сондай-ақ, Балқаш мыс балқыту зауытын қайта құру жоспарлары туралы хабарлап өтті.

Сонымен, «Құрмет» орденін – «Сары Қазына» ЖШС шаймалау учаскесінің бастығы Асхат Сапенов иеленді.

ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен Балқаш металлургия зауытының қызметкерлері марапатталды. Олар: шихта дайындау цехінің бас инженері Виктор Сұлтанов пен мыс электролиз цехінің өнімдерін тазалаушы Серікбол Шорманов, сондай-ақ, «Қоңырат» мыс компаниясының электролизшісі Дархан Боранбаев. Саланың тағы жеті қызметкеріне «Ерен еңбегі үшін» медалі табысталды. «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталған Серікбол Шорманов металлургия саласында 24 жыл бойы тынымсыз еңбек етіп келеді. Елордадағы металлургия кәсіпорнында жұмыс істейтін ұлы әкесінің ізін басқан.

– Құтпеген жерден үлкен қуанышқа бөлендім. Еңбегімді атап өткендеріңіз үшін рахмет! – деп бөлісті мемлекеттік марапат иегері.

Виктор Сұлтанов осы салада ширек ғасыр еңбек етіп келеді. Мұнда инженер-металлург ретінде оқыған және туған қаласында жұмыс істеген. Әріптестері оны жас мамандардың жақсы тәлімгері екенін айтады.

– Металлургияға 16 қылымды сарп еттім. Электролизші болып жұмыс істеймін. Біздің жұмысымыз қиын да ауыр. Жұмысымыз жоғары бағалағанына қуаныштымын! Бұл одан да бетер адал еңбек етуге итермелейтін жауапкершілік, – дейді «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған Әбділ Кеңесбаев.

Салтанатты шара соңы Металлург күніне орайластырылған ауқымды мерекелік бағдарламаға ұласты.

• ЕРТЕҢ – МЕТАЛЛУРГ КҮНІ

## Сарыарқаның сом жүрегі: жеңіс пен дәстүр салтанаты

...1944 жылы 31 желтоқсанда Қазақ металлургия зауытының Мартенов цехінде (Самарқанд кенті) тұңғыш рет қазақстандық болат балқытылды. Атаулы тарихи маңызы жоғары оқиға республика кара металлургиясындағы тұңғыш көрініс жарық дүниеге пайда болуымен ерекшеленіп, біртұтас Қазақстанның индустрияландырылуына және экономикалық әлеуетінің өсуіне, оның ішінде, құрыш қала Теміртаудың қарыштап дамуына қыран қанатының құлашындай серпін берді. Биыл отандық болат өндірісінің бастау алғанына 80 жыл толмақ.

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Алғашқы арна

Сонымен, қаз басқан металлургия зауытының құрылысы мен болат балқыту үдерісі ІІ Дүниежүзілік соғыстың сұрапыл жылдарында өрбіді. Орнатылған мартен пештері мен жабдықтары Гитлер басқыншылары уақытша басып алған Украинаның, Донбасстың металлургиялық зауыттарынан әкелінді. Металлургия мерейтойы академик, қазақ металлургиялық зауыты, мартен цехі құрылысының бастамашысы әрі кураторы Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуымен тұспа-тұс келгені де нышандық мәнге ие. Бұл «Qatmet» даңқының аспандауына жетістік пен өрісті өзгерістің айшықты белгісіндей. Жалпы, Қазақстанда толық металлургиялық айналымы бар кәсіпорын салу идеясы өткен ғасырдың



30 жылдарында Қ.Сәтбаев, М.Русак, И.Бардин және экономист Л.Спиранскийдің қайраткерлігінің күшімен іске асты. Өуел баста Қазақстанның қақ төріндегі кен және отын базасының жақындығы қызықтырды.

### Бастау

Осылайша 1942 жылдың басында Мем-

лекеттік Қорғаныс Комитеті қуаттылығы жылына 105 мың тонна болат балқытарлық қуатқа не зауыт салу және 110,5 мың тонна прокат салу туралы шешім қабылдады. 1943 жылы 30 сәуірде зауыттың құрылысы басталды. Жауапкершілік Қазақ КСР Үкіметіне жүктелді. Ал, 1944 жылы 20 қыркүйекте Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесі зауыт-

та жұмыс істеуге 2000 адамды жұмылдыру туралы қаулы шығарды, олардың көпшілігі Оралдың металлургиялық кәсіпорындарында оқудан өтті. Соғыстың ең қиын кезеңінде инженер мен жұмысшылар қатал климат пен қат-қабат қиындықтарға қарамастан зауыт құру үшін аянбай еңбек етті.

► 4-бет

• ТАРИФ

## Қолжетімді бағам үнемге жол

Абай ауданында «ElectroMir» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тұтынушылары үшін тариф бағамы төмендетілді.

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «ElectroMir» компаниясының электр энергиясын жеткізу қызметі бойынша 2021 жылғы 1 тамыздан 2024 жылғы 4 тамызға дейінгі мезгілге арналған қызметіне жоғарыдан тыс тексеру жүргізді.

Заңды тұлғаның өтініші бойынша «ElectroMir» серіктестігіне кезектен тыс тексеру нәтижесінде 74 072 мың теңге сомасында, ал, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ағымдағы қайта қаржыландыру мөлшерлемесін ескере отырып, тұтынушы тарапына 84 812,44 мың теңге залал анықталған.

Осыған байланысты «ElectroMir» тұтынушысы үшін электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтеріне 2024 жылғы 1 тамыздан бастап, 2026 жылғы 1 тамызға дейін қолданыстағы тарифтен 63,94%-ға төмендеумен қосымша құн салығынсыз 1 кВт/сағ үшін 3,66 теңге сомасында (ағымдағы тариф КҚС-сыз 1 кВт/сағ үшін 10,15 теңге) уақытша өтемдік тарифін бекітті.

Төмендетілген тарифтің мерзімі 2024 жылғы 1 тамыздан 2026 жылғы 1 тамызға дейін қолданылады.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 521.44

• USD/KZT 477.03

• RUB/KZT 5.43

• CNY/KZT 65.71

Қазақстан Ұлттық Банкінің 19 шілде, 2024 жылғы дерегі бойынша

• ЭКОНОМИКА

# Өндірісте өсім бар

Қарағанды облысы – еліміздегі көшбасшы өндіріс ошағы. Мұны жыл сайынғы өндіріс өнімінің көлемінен байқауға болады. Биылғы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша да кеншілер өлкесі әлеуметтік-экономикалық дамудың табысты қарқынын көрсетіп отыр. Нақты айтсақ, аймақта экономиканың өсуі 12,5 % құрады. Барлық негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалап, инвестициялар тарту, жұмыспен қамту деңгейі, кәсіпкерлік белсенділік арта түскен.

Бірінші жартыжылдықта 1,8 трлн теңгенің өнеркәсіп өнімі өндіріліпті. Яғни, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,8% өскен. Бұл ретте де өндіріс өнеркәсібінде тұрақты дамуды байқаймыз.

Жалпы, өнім көлемі 88,1 млрд теңгені құраған ауыл шаруашылығында да оң динамика байқалуда. Аймақта ірі қара мал, жылқы және ет өндірісі уақыт өткен сайын өсіп, дамып келеді.

Аймақ экономикасына салынып жатқан инвестициялар көлемінің де өсуі байқалады. Жарты жыл ішінде 358,5 млрд теңге тартылған. Бұл – 2023 жылғы қаңтар-маусымға қарағанда 6,3% артық. Инвестициялардың басым бөлігі жеке капиталға тиесілі болса, бұл – қолайлы бизнес климаты орнағанының оң әсері.

Жыл соңына дейін облыста индустриаландырудың бірыңғай картасы шеңберінде екі мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құра отырып, 181,5 млрд теңгеге үш ірі инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған. Бұл – ферросиликоаломиний мен металл бұйымдарын өндіретін екі жаңа зауыт және қайталама мыс кендерін ұй-



мелі шаймалау технологиясы бойынша тау-кен өңдеу кешені.

Шағын және орта бизнес субь-

ектілерінің саны да 100 мыңнан асып жьғылыпты. Бұл саладағы өсім жарты жыл ішінде 30 мыңға

жұықтаған. Демек, осыныша адам өз ісін дөңгелетіп, қаншама жұртты жұмыспен жарылқап отыр деген сөз. Шағын және орта бизнес те белсенді халықтың жартысына жуығы жұмыс істейтінін атап өту керек.

Бұдан бөлек, жарты жыл ішінде облыста 266,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілісе, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14,5% артық болып отыр. Жалпы, құрылыс көлемі жыл сайын өсіп келеді.

Көлік, жолаушылар және жүк тасымалы, сауда сынды басқа салаларда да оң динамика байқалатыны шындық.

Мұндай игілік пен жақсы көрсеткіштің бәрі тұрғындардың әлауқатын жақсартуға бағытталған аймақтың дамуындағы оң үрдістердің орнағанын көрсететінін атап өткен жөн.

Өз тілшімізден

# Тазалық – саулық кепілі



Сәуір келгелі ел жаппай сенбілікте жүр. Анығырақ айтсақ, 8 сәуірде Қазақстан бойынша «Таза Қазақстан» акциясы бастау алды. Акцияның шарапаты қоқыстан арылмай жатқан өңірлерге тиіп жатыр. Тіпті, қала мен қаланы жалғап жатқан республикалық маңызы бар тасжолдардың маңайы да тазартылды. Игілігі мол акцияның жемісі хақында Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен арнайы брифингте облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев айтты берді.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы осы жылдың соңына дейін жалғаспақ. Осыған сәйкес экологиялық мәдениетті арттыру мақсатында Қарағанды облысы бойынша медиа-жоспар әзірленіп, облыс әкімі бекітті.

Әрбір апта «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» сияқты тақырыптарға арналады. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының мақсаты – облыс тұрғындарының қоғамдық және экологиялық мәдениетін арттыру, қала мүлкіне ұқыптылықпен қарауға шақыру, қоғамдық орындарда жат мінез-құлққа тосқауыл қою, вандализмге және қала нысандарының зақымдалуына төзімділік көрсету, сонымен қатар, қоршаған ортаны аялау, қорғау және ұқыпты қарауды еске салу, болашақ ұрпақ үшін сақтау, – делі Бахтияр Санбаев.

Облыс бойынша науқанға 149 мың адам, 10 743 кәсіпорын қатысқан, 1433 техника жұмылдырылған. 24 мыңнан астам аула, 273 саябақ жиналып, 441 тарихи-мәдени ескерткіштер жөнделіп, ретке келтірілген. Жалпы ауданы 1 623 мың шаршы метр 125 су айдынының аумағы тазартылған. Әкімшілік кодекстің 505-бабы бойынша 6981 ескерту және 645 айыппұл салынды.

Жалпы, Қарағанды облысы бойынша 2024 жылы экология департаменті қызметкерлерімен рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын 193

орынды анықтапты. Оның 123-і жойылған. Бұл – 63%. Қалған 70-і жойылу үстінде. Рұқсат етілмеген полигондардың 303 орны космополитонинг арқылы табылған. Бүгінгі таңда қала және аудан әкімдіктері рұқсат етілмеген қоқыс орындарын тазалауға кірісіпті. Қатты тұрмыстық қалдықтар жинайтын 1102 жаңа контейнер, 278 контейнерлік алаң орнатылды.

Қалалар мен елді мекендердің аумағында 41 мыңнан астам, ал, мемлекеттік орман қор аумағында 614 мың ағаш, 7720 бұта отырғызылды.

Осы акция шеңберінде әкімдіктер полиция бөлімдерімен және төтенше жағдайлар бөлімдерімен бірлесіп туризм объектілерінде, ұлттық парктерде рейдтер өткізіледі.

Балқаш көлінің жағалауын, «Бергіс шығанағы» жағалауын тазарту, Алматы-Екатеринбург республикалық тасжолының бойындағы қоқыстардан тазарту бойынша шаралар күнделікті жүргізілуде.

– Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Таза Қазақстан» аukumды акциясы аясында @TazaQazBot ыңғайлы телеграм-чат-боты арқылы жергілікті мекеннің және экология мәселелері туралы өтінімдер берудің жаңа сервисін әзірлегенін хабарлаймын, – делі басқарма басшысы.

Бұл чат-бот арқылы жолдардың, саябақтардың, жарықтандырудың, абаатандырудың және қоғамдық, жеке аумақтардың санитарлық жағдайына қатысты көптеген мәселелер туралы хабарлауға болады екен.

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

# Курстың көмегі зор

Бүгінде артық білімді кітаптан емес, курстан іздейтіндер көп. Себебі, ондай мүмкіндікті мемлекеттің өзі ұсынып отыр. Аймақта алғаш рет қолға алынған «Jumys Tap» жобасы – соның бірі. Аз уақытта жаңа мамандықтың қыр-сырына үніліп, кәсіп игеріп шығу қиын емес. Оның үстіне, ақысыз. Жобаға тіркеу жүріп жатыр.



Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Jumys Tap» жобасына қатысты толық апаратын 60-50-50 нөмірі бойынша Call-орталықтан, сонымен қатар, бірқатар сауда үйлеріндегі кеңес беру орталықтарынан алуға болады. Мәселен, «Таир» сауда үйіндегі кеңес беру орталығынан. Ондағы маман Нұрғаным Күмісбаеваның айтуынша, жоба жайлы біліп, сұрап жататындар баршылық.

– Кеңес алуға келгендердің көбісі біз туралы Instagram желі арқылы біліп келген. Біз қандай мамандықтарға оқуға болатынын айтамыз. Қаласа, жазылады. Көбінесе, студенттер, жастар келеді. Жұмысы бар адамдар да, зейнет жасына жақындаған кісілер де сұрап жатады. Дегенмен, қазір демалыс уақыты, келушілер қатары саябырлады, – дейді ол.

Маманның айтуынша, қазірдің өзінде шаштараз мамандығына – 6, кондитерге 7 адам жазылған.

– Әйелдер адамдар тігіншіге жиі жазылады. Бес ер адам шиномонтаж, слесарь мамандықтарына жазылды. «Өзім үшін» деп электр мамандығын оқуға жазылғандар бар. Декретте отырған әйелдер «кондитерді оқып алайын» дейді

мысалы. Әр курскә қажетті адам саны әртүрлі. Кейбіреуіне 5 адам жиналаса, жеткілікті, – дейді ол.

Оқыту жалпы, жеті колледжде жүреді. Оның бесеуі – Қарағандыда, екеуі – Теміртауда. – Қазір тамыз айындағы оқытуға жазылу жүріп жатыр, – дейді Нұрғаным Күмісбаева. – Тамызда қыркүйектегі оқытуға жазамыз. Біз «Jumys Tap» жобасына қатысудан бөлек, жұмыс іздегендерге enbek.kz порталында қандай жұмыс орындары бар екенін, қандай бағдарламаларға қатыса алатынын айтып, түсіндіреміз. Оқыту курстарынан кейін жұмыс тауып беруге мүдделіміз. Алайда, жұмыстың ақысына еш әсер ете алмаймыз. Оны жұмыс берушілер шешеді. Комьюнити орталықтарында жастар оқып, жаңа машықтарды иегере алады. «Жазғы демалыста баламды қайда орналастырсам?» деген ата-аналары сол орталыққа жібереміз.

Комьюнити орталық Қарағанды облысының Жастар ресурстық орталығы базасында ашылды. Бүгінде тіркеу жүріп жатыр. Жастар ресурстық орталығы директоры Аида Искакованың айтуынша, комьюнити орталығы жастарға мол мүмкіндік береді.

– Орталық жұмысы жастар үшін әлеуметтік инфрақұрылым-

ды, креативті индустрияны дамыту және ілгерілету, сондай-ақ, дарынды жастарды іздеуге және қолдауға бағытталған. Мұнда дыбыс жазу, киім дизайны, подкаст жазу студиясы және кәсіптік бағдар беру жұмысы саласындағы жобалар және басқа да жалпы, жеті бағыт іске асырылады, – дейді ол.

Комьюнити орталықта дыбыс жазу студиясы, подкаст жазу студиясы, киім дизайны студиясы, сондай-ақ, арнайы жаттығу бағдарламалары арқылы дрондарды пилоттық басқаруға және ұшыруға үйрететін студия жұмыс істейді. Одан бөлек, кездесулер, сабақтар өткізуге арналған дәріс залы, коворкинг орталығы, кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізуге арналған жұмыс аймағы болады.

– Коворкинг орталығында, мәселен, интернетке және мемлекеттік апаратық жүйелерге қосылуға болады. Барлық студиялар қажетті құралдармен жабдықталған. Мысалы, кавер жазғысы келетін жас студияда тіркеліп, кавер жазды. Қажет десе, оны әрі қарай насихаттауға көмектесеміз. Студиядағы жабдықтың барлығы заманауи. Ондайдың қымбат екенін білесіздер. Мемлекет креативті, жаңаға талпынатын жастарды қолдауға әзір. Әр бағытта өзінің білікті маманы бар. Мәселен, дизайн бағытында Меруерт Мұхамедьярова оқытады. Ол – Қарағанды облысындағы «Kazakhstan Fashion Week» сән апталығын ұйымдастырушылардың және осы апталықтың алғашқы қатысушыларының бірі. Ал, кәсіби бағдарлау жұмыстары әр жеткіншекке керек деп ойлаймын, – делі облыстық Жастар ресурстық орталығының басшысы.

Ол қазіргі уақытта 30 шақты адамның оқуға ниет білдіріп, жазылып қойғанын айтты. Ал, жалпы, комьюнити орталығында жыл соңына дейін кеңі 800 адамды оқыту жоспары тұр.

Сурет «Мансап» орталығынан

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

# Изендіде ілкімді іс

Нұра ауданы – аймақтағы барлық сала бойынша жетістігі мол белсенді өңір. Бұл сөзімізге «Ауыл – ел бесігі» жобасымен Изенді ауылында салынған жаңа су құбыры дәлел. Шілде айының соңына қарай ауыл тұрғындары үйдегі орталықтандырылған су жүйесін пайдаланады. Жақында мұнда тұрғындар сұраған заманауи фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы және жолдарды асфальттау жұмысы да басталмақ.



Дерекке сүйенсек, шамамен 20 жыл бойы Изенді ауылының тұрғындары суды су мұнарасынан алып келген. Бұл – қиынның қиыны. Әсіресе, көпбалалы отбасыларға. Мәселен, 10 баласы бар Айгүл Әбілдинованың отбасына екі күнге 400 литр су қажет екен.

– Алайда, жаздың күндері 400 литр де жетпейді. Сондықтан, үнемдеуге тура келеді. Көкөніс, гүлдер егуді, тіпті, ойламаймын. Былтыр су құбыры салына бастағанда, тұрғындар қатты қуанған. Отбасымыз көпбалалы болғандықтан құбырларды үйге тегін қостық. Елдің қамын ойлап, осындай жағдай жасап беріп жатқан Үкіметімізге мың алғыс айтамыз. Өте қуаныштымыз, – дейді Айгүл Әбілдинова.

Қазір ауылда 11 шақырымнан астам құбыр төселіп, желілер абоненттердің үйіне жеткізілген. Ұңғымалар мен резервуарларды, сорғы жабдықтарын және электр беру желілерін монтаждау жұмысы да аяқталды.

– Изендіде 600-ден астам адам

тұрады. Бұл – 150 абонент. Әлеуметтік жағдайы төмен тұрғындардың үйіне құбырларды тегін тартуға көмектестік. Шілде айының соңына дейін су құбыры іске қосылады, – деп атап өтті Изенді ауылының әкімі Айдос Ағзамов.

Енді жақын арада су өткізгіш құбырлары төселген соң 7 шақырым жол асфальтталады.

Бұдан бөлек, тұрғындар ФАП құрылысының басталуын да асыға күтуде. Ол ескі медициналық пункттің орнына пайдалануға берілмек.

Сонымен қатар, гүлзарды абаатандыру аяқталып, жарықтандыру тіректері, орындықтар, урналар орнатылды, төсеніштер төселген. Аумағы да қоршалыпты.

Нұра ауданындағы 37 ауылдың 27-сі орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. Желілердің тозуы 60 пайыз. Мәселе біртіндеп шешімін табады. Өткен жылы Ақтөбе һәм Нығман ауылдарында суды тазарту модульдері орнатылған. Енді бұл кешендер Аққола мен Бестамқаққа орнатылады.

Ал, Балықтыкөл мен Жараспай ауылдарында су құбыры желілері мен тұщыландырығыш құрылыстарды қайта жаңарту басталып та кетті. Құланөтпесте де су құбыры желілерін салу жоспарланған. Қанғайда желілер салу үшін ЖСК әзірленгенін атап өткен жөн.

Өз тілшімізден

Нұра ауданы



Суреттер облыс әкімінің сайтынан

# Жайлылық айналадан басталады

Көгалдандыру мен абаттандыру – облыс орталығында күн жылына салысынмен басталатын жыл сайынғы жұмыс. Себебі, тұрғындар бұл мәселеге бейжай қарамайды. Облыс, қала, аудан әкімдіктері деңгейінде өткен кездесулерде көтерілетін мәселелердің бірақтары осы – көгалдандыру, абаттандыру, жарық орнату, жол жөндеу, аулалар мен балалар алаңдарының жай-күйін жақсарту. Сайкесінше жергілікті билік те мәселені назардан тыс қалдырған емес. Биыл да басты даңғыл Бұқар жыраудың бойындағы кешенді жөндеу жұмыстарына халық қуа.

**Жаная ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы ауданда биыл негізгі екі жоба бойынша жұмыс қолға алынған. Бірі – Оңтүстік-Шығыстағы Приканальная көшесінің бойы. Ол Республика даңғылынан басталып, Төттімбет көшесіне дейін созылады. Екіншісі – Бұқар жырау даңғылын көгалдандыру. Жоба бойынша жұмыстар 45 орам маңындағы Ә.Ермеков көшесінен басталып, Н.Төлепов көшесіне дейін жалғасады.

Приканальная көшесі жобасы бойынша жөнделетін учаске аумағы 120 мың шаршы метр. Оның 80 мыңнан астам шаршысы көгалдандырылады, тастөсем 37 208 шаршы метрге төселеді. Жоба аясында аллея бойында жай серуендеуге және белсенді демалысқа арналған аумақтар қарастырылған. Ол барлық жастағы адамдарға арналады және оны кез келген мақсатта пайдалануға болады. Балалар алаңы көлік жолынан алыс орналастырылады. Сондай-ақ, баскетбол, стритбол, екі скейт алаң, түрлі жаттығу алаңдары арнайы жасалады, – деді Қазыбек би ауданы әкімінің орынбасары Дидар Қабаев.

Оның айтуынша, сонымен қатар, шағын архитектуралық пішіндер орнату қарастырылған. «Алаш бет-бейнесі» инсталляциясы, «Киіз үйлер», «Алтыбақан», «Асық» кешендері бой көтереді.

Қызу жұмыс 45 орам аялдамасы маңында жүріп жатыр. Бұл – Бұқар жырау даңғылы бойын көгалдандыру жобасының басы. Дидар Дәуірұлының айтуынша, бұл учаскедегі жұмыс көлемі – 113 957 шаршы метр. Оның көбісіне, нақтырақ айтсақ, 94 570 шаршы метрге тастөсем төселеді. 20 мың шаршы метрге жуығы көгалдандырылады.

Жоба бойынша қолданыстағы жаяу жүргіншілер жолының тастөсемін ауыстыру, тактильді плиткаларды төсеу, кедергісіз орта құру үшін пандустар орнату, нормативтік құжаттамаға сәйкес қолданыстағы баспалдақтарды қайта орнату, автотұрақтарды қайта құру, аялдама аумағын кеңейту қарастырылған. Сонымен қатар, шағын архитектуралық пішіндер, инклюзивті ойын алаңын орнату, түнгі жарықтандыруды ұйымдастыру сияқты жұмыстар жасалады, – деді Дидар Қабаев.

Тастөсем төсеу жұмыстарының басталғанына екі аптадан астам уақыт өтті. «Панораманың» маңайы жаңарып жа-

тыр. Аялдаманың жоғарғы және төменгі жағындағы ескі асфальт жабыны алынған. Мұнда үш бригада жұмыс істейді. Бас даңғыл бойындағы көгалдандыру жұмыстарын «Ихсан групп» ЖШС өз мойнына алған. Оның директоры Зелимхан Албағачиевтың айтуынша, қазіргі уақытта жұмыскерлері бес бригадасы жұмылдырылған. Барлығы 30-40 адам еңбектеніп жүр. Алдағы уақытта олардың санын кемі 7-8-ге жеткізбек.


«Панорамадан» Сити молға дейін бір учаске. Негізінен тастөсем төсеу жұмыстары. Одан бөлек, ағаш отырғызатын да жерлер бар. Бұқар жыраудың бойы толығымен бізде. Каскадтағы субұрқақтар маңына да төселіп жатыр. «Қазпошта» маңындағы жұмыс аяқталды. Келесі айдың басында Кеншілер даңғылы ескерткіші маңайын жөндеуге кірісеміз деп жоспарлап отырмыз. Қазір оған дайындық жүріп жатыр. Былтыр да даңғыл бойын көгалдандырумен айналысқан едік. Онда Қазақстан көшесінен Шахтер стадионынан Чкалов көшесіне дейін көгалдандырылды. Былтырғы жасалған жұмыс сапасы



ұнады. Биыл да сол үдеден шығамыз деп ойлаймын, – деді ол.

Ол көгалдандыру жұмыстарына Қарағанды қаласының әкімдігі тапсырыс бергенін және оны тезірек орындауға қажеттігін айтты.

45 орам аялдамасы – адам көп жүретін жер. Тапсырыс берушілер жұмысты мүмкіндігінше тезірек аяқтауды сұрайды. Екі аптада, ауа райы қолайлы



**Таза Қазақстан**  
Жалпыұлттық экологиялық акция

болса, осы учаскедегі жұмысты бітіреміз. Жалпы, жұмыс қыркүйектің соңына қарай толығымен мәреге жетуі тиіс. Жылдамда-тамыз деп жұмыстың сапасын түсіріп алмау керек. Біз жақсы атымыз үшін жұмыс істейміз, – деді мердігер фирма өкілі.

Қазылған жолдар мен ойдым-ойдым шұңқырлар үшін тұрғындар тарапынан наразылық білдіргендер жоқ сыңайлы.

Жұмыс барысында жолдың бойын толығымен қазып тастамаймыз, – дейді Зелимхан Албағачиев. – Бір шетін қазып, оны жасап, кейін екінші бетіне көшеміз. Тұрғындар үшін ыңғайсыз болмауы тиіс. Аялдамадан өтіп бара жатқандардың

ғанақтан басқа ештеңе жоқ еді, оның өзі ескі-тін, – дейді сол үйдің тұрғыны Айбек. – Кішкентай қызымды ертіп, кешкі уақытта біраз ойнаймыз. Бұл үлкен балаларға арналмаған, сонда да отырып ала-тындар бар.

Ә.Ермеков 60 көшесінде орналасқан үйдің балалары үшін футбол алаңы салынып жатыр. Балалар алаңы бұл жерде бұрыннан бар екен. Енді ересек балалар емін-еркін, ешкімге кедергі келтірмей, доп ойнай алады.

Мұнда жұмыс істеп жатқан бригаданың жұмыскері Азиз бұл осымен үшінші объект екенін, әлі де жасайтындары бар екенін жеткізді.

Футбол алаңының маңына бірінші тастөсемін салдық. Алаңның ішін тегістедік. Қазір оған жасанды жасыл газон төсеу жатырмыз. Шетіндегі артығын кесіп, желімдеп, саморезбен тартып тастаймыз. Бұл жердегі жұмыс екі күнде бітеді, – деді Азиз.

Мұндай жұмыстар погрузчиктің көмегісіз жүрмейді. Погрузчикін жалға берген Қайрат есімді Астана қаласының тұрғыны бір мезетте бірнеше объектіде жұмыс істейтінін айтып отыр.

Менің жұмысым – ауыр заттарды көтеріп, жеткізіп беру, – дейді ол. – Міне, қазір жасанды газонды жұмыскерлерге жеткізіп бердім. Басқа нысанға шақырса, арасында сонда барып келемін. Жазда осындай жөндеу жұмыстарына, қыста қар күреуге тапсырыс аламын.

Бағдарлама аясына балалар алаңына қоршау, орындық, қоқыс урнасын орнату, тартанды, яғни, полиуретанды жабын, тастөсем төсеу жұмыстары кіреді.

Қазіргі таңда тұрғындардың сұраулары бойынша және қалалық мәслихат депутаттарының ұсынысымен көгалдандыру жұмыстары жүргізілетін мекенжайлар анықталды. Барлық балалар алаңдарының аумағы – 430 шаршы метр. Алаңдарда негізінен ойын элементтері, 6-14 жас аралығындағы балаларға арналған жаттығу нысанары, тартылатын балансир, сырғанақ, құм алаңы, ойын кешені болады, – деді Дидар Қабаев.

Ол жаяу жүргінші жолдары мен аулалар аумағын асфальттау жұмыстарының да жүргізілетінін атап өтті. Бүгінгі таңда 10 жүргінші жолы, 13 автокөлік тұрағы, 8 ауланың аумағы, сондай-ақ, қатты қалдықтар тастайтын жерлерге апаратын 22 подъездің жолы асфальтталыпты.

Жыл басынан бері қатты қалдықтар тастауға арналған 160 контейнер алаңқайын жөндеу жоспарланған. Қазіргі уақытта соның 130-ы жөндеді, қалғаны 30-ында жөндеу жұмыстары жүріп жатыр, – деді Дидар Дәуірұлы.

**ҚАРАҒАНДЫ**  
Суреттерді түсірген автор

# Қоршаған ортаға қамқорлық

Қазақстанда азаматтардың өтініштері үшін @TazaQazBot телеграм бот іске қосылды. Қоршаған ортаға қамқорлық танытатын тұрғындар мәселелер жайлы осы қызметке жүгініп, хабарлай алады.

**Аулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»



Сервисті Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Таза Қазақстан» акциясы аясында әзірлеп, қазақстандықтарды тазалық пен тәртіпті сақтауға белсенді қатысуға шақырды.

Өтінім түріндегі барлық ақпарат операторға оны жіктейтін және орындаушыны тағайындайтын жергілікті атқарушы органнан келеді. Кері байланыс қарастырылған. Келіп түскен шағымнан кейін не істелгені хабарланады және фотосурет қоса берілуі тиіс. Осылайша өтініш беруші жұмыстың сапасын бағалай алады, – дейді Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мамандары.

Егер қоқыс шашылғанын немесе бір зат қирап жатқанын көрсеніз, бұл жерді суретке түсіріп, нақты мекен-жайы мен мәселені сипаттамасы көрсетілген хабарламаны телеграм-ботқа жіберуіңіз керек. Осылайша, тұрған жерді қоқысқа толтырмай, таза ұстау арқылы туған жеріңіздің гүлденіп, көркеюіне үлес қосасыз. Айта кеткен жөн, «Таза Қазақстан» акциясы еліміздегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған. Сенбіліктер мен ластанған жерлерді тазарту қоғамның назарын қоршаған ортаны таза ұстаудың маңыздылығына аударады. Акция жастарды, оқушыларды, студенттерді, депутаттарды және қоғамдық ұйымдардың өкілдерін қоса алғанда, халықтың әртүрлі топтарын біріктіреді. Мұндай іс-шараларға қатысу экологиялық мәдениетті қалыптастырады, табиғатқа ұқыпты қарау қажеттігін еске салады. Қазақстанның барлық тұрғындары үшін таза және саламатты болашақ құруға ықпал етеді.

Жалпыұлттық акцияға жастар қанаты белсенді атсалысуда. Жалпы, экология мәселесі біздің өміріміз үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін өзекті. Біз экологиямызды сақтауымыз керек. Іс-шаралардың көмегімен оқушылар, жастар және студенттерді қоршаған ортамызды, экологиямыздың жағдайын жақсартуға шақырамыз. Бұл таза ауа мен таза су үшін қажет мәдениеттің маңызды бөлігі, – дейді «Қарағанды су қоймаларының» басшысы Мира Махатчина.



# Тазалыққа талпыныс тоқтамайды

Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы шеңберінде Абай ауданының елді мекендерінде көктем мезгіліндегі тазалық апталықтары мен айлықтарында өңір тұрғындары мен қоғам белсенділері, кәсіпорындар мен ұйымдар белсенділік танытып, қыруар іс тындырылған.

**Ержан ИМАШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудан бойынша бұл шараға апта сайын 160 ұжым (1200 адам), 22 арнайы техника (6 жүк тиегіш, 5 трактор, 11 «КамАЗ» автокөлігі) жұмылдырылып, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарына 4650,2 тонна құл-қоқыс тасып, апарылған. Бақтар мен гүлзарлардың 89637 шаршы метр аумағы тазартылып, 15 тарихи-мәдени ескерткіш жөндеді. Сондай-ақ, 6514 түп ағаш көшеті мен 77 тал шыбық отырғызылған екен.

Биыл жоғарыдағы полигондар басында тазалық пен реттілікті қамтамасыз ету үшін бюджеттен 109 миллион теңге бөлініп, рұқсат етілмеген жерлердегі 20 қоқыс үйіндісінің 15-і жойылса, Дубовка

кентіндегі қалған бесуейін алдағы қыркүйек айында жою жоспарда.

Сонымен бірге, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 5 ауылдың (Қарабас, Агрогородок, Северное, Қоянды, Тасзаимка) ұзындығы 13,2 шақырым жолын жөндеу қолға алынып, соның үшеуіндегі (Агрогородок, Қоянды, Тасзаимка) жұмыстар аяқталды да.

Және де аудан аумағындағы көпқабатты тұрғын үйлердің сырт көрінісін сәндеп, жақсарту мақсатында Абай қаласының Әлия Молдағұлова көшесіндегі 27 үйдің 25-інің шатыры жөнделіп, соның ішінде, жетеуінің қасбеттері боялған. Ал, Топар кентіндегі осындай 36 үйдің алтауының шатыры ауыстырылып, 25-іннің қасбеті сырланып бітті.

Жалпы, бұл кезеңде жергілікті поли-



ция қызметімен бірлескен түрде ескерту сипатында 31 хаттама толтырылған көрінеді.

Жаз айларында да бұл жұмыс жанданып, енді Абай қаласында көлемі 200 мың тонналық қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу жобасы жүзеге асырыл-

мақ. Қазірде аумағы 10 гектар болатын жобалық-металдық құны 821 миллион теңге бұл нысанның мердігері («Актив-А» ЖШС) анықталып, сол бойынша жасалған келісімшарт тіркелу сатысында.

Қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспарына сәйкес тағы да 604 кон-

**Таза Қазақстан**  
Жалпыұлттық экологиялық акция

тейнер (Абай қаласында – 500, Топар кентінде – 104), 21 контейнер алаңдарын (Абай қаласы – 11, Топар кенті – 10) орнату жоспарланған болатын. Кешегі күнге дейін содан қала басында 120 контейнер қойылып, алаңдарды дайындау мен реттеу тамыз айында тәмамдалады.

Сөйтіп, Абай ауданында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы осылайша өріс алып, жыл аяғына дейін жалғасатын болып белгіленген. Соны түсіндіріп, кенінен насихаттау жұмыстары мұнда 125 аккаунтта (63 жеке меншік, 31 ауылдық округ, 31 мемлекеттік ұйымдар) күн сайын жүргізілуде.

**Абай ауданы**  
Сурет ұйымдастырушылардан



• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

## Нардың жүгін көтерген

Нәзіктігіне, жаратылысына мүлде қайшы қара жұмыстарда нардың жүгін аркалап, өндіріс саласында еңбек етіп жүрген әйелдер қауымы қаншама?! Солардың бірегейі, «Kazakhmys Smelting» ЖШС Балқаш мыс қорыту зауытының мыс электролиздеу цехының матрицалық қанытқыр өңдеушісі – Сандуғаш Ибрагимова. Отанасы өндірісте 20 жылдан бері еңбек етіп келеді.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Еңбек адамының еңбегі қаншалықты ауыр екенін білу үшін бір күнді өндірісте өткізу керек. Біліктілігі анағұрлым жоғары процессордың көмегімен матрицалық негіздерді кесу және түзету, құлақтарды кесу, бекіту, көтерме кранға ілу, өнімдерді сұрыптау, таңбалау, қоймаға қою және тасымалдау Сандуғаш Болатқызының күнделікті жұмысы. Әйел затының өнімдерді натрий гидроксидімен және азот қышқылымен химиялық өңдеуін, тойтару станоктарына және катод негіздерін түзетуге арналған роліктерге салып, иіп жатқанын көргенде таңданысымызды жасыра алмадық. Катодты қанытқырлардың сапасына қойылатын талаптарды орындап, жабықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою жұмыстары екінің бірінің қолынан келетін іс емес.

Кейіпкеріміз мыс электролиздеу цехына 2003 жылы жұмысқа қабылданыпты.



– Мен өндіріске бет бұрған тұста цехтағы жұмыстың алғашқы айлары қиын болды. Агрегаттардың шуынан, шаңнан қатты шаршадым. Ауысымнан үйге келіп, бірден ұйықтап кететінмін. Сол тұста тәлімгерлерім – Жанар Әбеуова, Гая Рижская, Валерий Рудинов бар білгенін үйретті. Бәрі қажырлы еңбектің арқасында жүзеге асатындығын үнемі айтып отыратын. Кейін үйреніп, қазір бұл цех пен ұжым бір шаңыраққа айналды, – дейді Сандуғаш Болатқызы.

Мұнда қырыққа жуық адам жұмыс істейді. Бригадирі Гүлжан Қуатбекова нағыз еңбектің майталманы. Әр ауысымда алты адам жұмыс істейді. Бір

ауысымда көрсетілген кесте бойынша бригаданың әрбір мүшесі 600 дана катодты негіз өндіріп, тиесілі тиіс. Ал, оны тоннамен есептесек, мұндағы әйел адамдардың еңбегі ерлерден кем емес. Бір ауысымда өңдеушінің нормасы – 6,5 тонна. Бір айда барлық бригада 4 мың тоннаға жуық өнімді өңдеп шығарады.

Өндіріс те өте ауыр, көп еңбекті және дене күшін қажет ететін қол жұмысы. Бұл цехтағылардың барлығы ортақ тіл тауып, ұжымдағы жұмысты бірқалыпты жүргізуде.

«Алғаш еңбек жолымды бастағанда өңдеуші болып әйелдер ғана жұмыс істеді. Ер адамдар қатарымызға жақында ғана қосылды. Біздің жұмыс матрицалық парактарды – тойтару машиналарында катодты негіздерді жасаудан тұрады. Содан кейін олар электролиз ванналарына серияға жіберіледі. Өріпгестеріміздің еңбекқорлығының арқасында жүздеген тонна ашық сарғыш парактар электролизден кейін таза катодты мысқа айналады. Өнім дайын болғанда алыс шетелдерге экспортталады», – дейді металлург

өз жұмысын баяндап.

Сандуғаш Ибрагимованың алған Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттары да жетерлік. Мұны маңдай тер, табанақы еңбектің өтеуіне баладық. Металлург аның айтуынша мамандығы – қай кезде де ерекше кәсіп. Ол Балқаш мыс қорыту зауытының мыс электролиздеу цехындағы жұмысын ерекше құлшыныспен бастайды. Өйткені, өндірісті өрге сүйреген жан – тек білікті маман ғана емес, адами тұрғыда кемелденіп, биік белестерді бағындырған толық адам.

Сурет автордан

## Сарыарқаның сом жүрегі: жеңіс пен дәстүр салтанаты



(Соңы. Басы 1-бетте)

1944 жылы 30 желтоқсанда бірінші мартен пеші жасақталып, келесі күні тұңғыш рет болат балқытылды. Бұл шараға сол кездегі Қазақ Кеңестік Социалистік республикасы Халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары Дінмұхамед Қонаев бастаған мемлекеттік комиссия арнайы қатысты. Бірнеше күннен кейін И.Сталин жұмысшылардың еселі еңбегіне алғысын білдіріп, Қазақстанның одан әрі өндіріс өрісіне табыс тілей отырып, құрылыс нысанының сәтті аяқталуымен құттықтау хат жолдады. Соғыс жылдарында бұл жетістік атаусыз қалмады. Құрылысшылар мен металлургтер 1946 жылы жоғары марапатқа ұсынылды. Ленин орденімен «Қазметаллургстрой» трестінің басқарушысы Виталий Белов, зауыт директоры Василий Бакст, бригадирлер Үкен Тұрмағамбетов және Дәуі Әбдиев, Еңбек Қызыл Туы орденімен тас қалаушы Кауер Алупкенова, механика цехының басшысы Тихон Тихонов, болат балқытушы Алтынбек Дәрібаев марапатталды.

Бастапқыда цехтың жобалық қуатын игеру қиын болды. Ұжым негізінен Орал кәсіпорындарында оқыған жас жұмысшылардан жасақталған. Тәжірибелі металлургтер дәріс те берді. Нәтижесінде А.Дәрібаев, С.Кәменов, Ф.Вашенко, К.Сәденов, П.Ұбайдуллаев сынды болат балқыту ісінің хас төбелдері төбе көтері.

### Жеңіс

Сөйтіп, дәріпті дәстүрімен қазақ металлургиялық зауыты ұлттық кадрлардың ұстаханасына айналды. 1950 жылы мартен және айналым цехтарында қазақ ұлтынан 322 адам жұмыс істеді. Социалистік Еңбек ерлері Е.Байғазиев пен М.Мүсілімов, Ленин ордендерінің кавалерлері Б.Ақтаев пен М.Мұсаханов елге кеңінен танылды. Инженерлік-техникалық қызметкерлер техника ғылымдарының кандидаттарына айналып, өндіріс пен ғылымда жоғары лауазымдарға ие болды. Олардың ішінде М.Ақбиев, Н.Ешмұхаммедов, А.Қонаев және өзгелері бар-тұғын. 1950 жылы мартен цехы жылдық жоспарды шұғыл түрде орындады. 1956 жылдан 1958 жылға дейін болат балқыту пешінің қуаты мен көлемі төртінші мартен пеші іске қосылды. Бара-бара зауыт республика мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының біріне айналды. 1970 жылы Қазақ металлургия зауыты Қарағанды металлургия комбинатының құрамына еніп, жылына 401,6 мың тонна болат өндірілдік межеге жетті. Бұл – бастапқы жобалық қуаттан 3,8 есе жоғары.

Бұл уақытта, Ескендір Валеев, Сұлтан Кәменов, Федор Вашенко, Алтынбек Дәрібаев, Арғын Жүнісовтердің есімдері елге мақтан болды. Болат құймасы мен қоршаған ортаны қорғау түйкілері орындау барысында Валентина Оқишева, Валентина Целых, Татьяна Куликова, Ольга Дрючко, Мария Жужлова, Ефросиния Лукасевич, Агриппина Рыжова, Мария Попова, сондай-ақ, сифоншылар Надежда Ладьянская, Мария Целкова, Галина Хожанковалар еселі үлес қосты. Мартен цехының ұжымы нығайып, біріге түсті.

80-ші жылдардың ортасында жоғары техникалық оқу орнының және металлургия училищесінің түлектері Николай Бабиев, Владимир Даниленко, Виктор Ким, Өтеген Ғабдуллин, Сергей Федотов, Айтқали Бекетов және Ершат Шүкіманов жұмысқа қабылданды. Олар тәжірибелі тәлімгерлер мен инженерлердің жетек-

шілігімен Марк Шуголь, Карат Рузаев, тәжірибелі болат балқытушылар Еламан Байғазиев, Олжабай Иманбаев, Николай Верхотуров, темір құю шеберлері Бірімжан Ақтаев, Геннадий Пак, Анатолий Есин, инженер-металлургтер Александр Берг, Сұлтан Садырбаев, Михаил Гудалин, Анатолий Смирнов, Петр Котельников, Василий Ботов сынды хас шеберлерден тәлім алды.

### Жаңғырық

1985 жылдың қыркүйегінде №2 мартен цехында КСРО-да алғашқы көлденең қалыптау машинасы орнатылды. Болашақта жүйе қайтадан жасақталып, нәтижесінде болат құюдың тиімділігі едәуір жақсарды. КСРО қара металлургия министрінің арнайы өкілі В.Лисин, бас инженер В.Кармет саланың дамуына елеулі еңбек сіңірді.

Тоқсаныншы жылдардағы кезең күрделі болды. Болат ошағына мол инвестиция ауадай қажет еді. Керісінше бұл шақта цехтардың жаппай жабылуы орын алды. Сондай-ақ, өндіріс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау түйкілері өндірістік көрсеткіштер мен болат шығару көлемінің 2 млн. тоннаға дейін төмендеуіне әкелді.

1995 жылдан бастап металлургиялық комбинаттың активтерін шетелдік инвесторлар иеленген шағында «Испат Кармет», содан кейін «АрселорМиттал Теміртау» АҚ ретінде белгілі болды. Бұл кезеңдерде болат өндірісі жылына 4 млн. тоннадан асты.

2023 жылғы 8 желтоқсанда «Qatmet» отандық инвесторының келуімен болат өндірісінің көлемі 5 млн. тоннаға дейін қалпына келтіріліп, ұлғайтыла отырып, металлургиялық комбинатты дамытудың жаңа кезеңі басталды.

• САБАҚТАСТЫҚ

## Мерейлі металлургтер әулеті

Есембектовтер әулетінің болат балқытудағы еселі еңбектері тым әріден басталады. Арғы әкелері Мұқажан қажы бойындағы қажыр-қайратын Балқаштың түсті металлургия зауытына жұмсап, мыс балқытып, болат өндіріпті. Әкенің өнегелі жолын Қабдырахман Мұқажанұлы лайықты жалғап, металлургия саласының санлағына айналды. Қазір Қабекеннің балалары, немерелері мыс зауытында маңдай терін төгіп жүр.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқаш қаласындағылар бұл әулетті «өндіріс сарбаздары» дейді екен. Ертеде алғашқылардың бірі болып, болат өндірген Мұқажан қажының ізін ұлы Қабдырахман әскерден оралған соң жалғастырады. Осыдан елу жыл бұрын мыс балқыту цехында қып-қызыл еңбек жолын бастайды. Тәуелсіздік орнаған соң Балқаш кен металлургия комбинатының өндіріс қуатын арттыру міндеті тұрды. Сөйтіп, Қабекен Швецияға іссапармен шығады. Комбинатта шет елге шыққан алғашқы жұмыскер еді. 1997 жылы Аффинаж цехының құрылысын да бастау керек болды. Жаңа өндірістің қыр-сырын меңгеру үшін Польшаға комбинаттан жеті қызметкер баруы керек. Таңдау тағы да озат металлург Қабдырахманға түседі. Гологов қаласында Аффинаж зауытынан тәжірибесін әбден толықтырып келеді. Келер жылы Аффинаж зауыты ашылғанда Балқаштың ең алғашқы күмісін, «Металл Дор» құймасын құяды.

Одан кейін Мырыш зауыты ашылған соң соған балқытушы болып ауысып,

алғашқы қорғасын анодын құяды. Ол жерде он жылдан аса еңбек сіңірген білікті металлург металлургия цехына қайта келеді. Осы зауытта өндірістің өнімділігін еселеуге өзінің үлесін қосып жүріп, құрметті зейнет демалысына шығады.

– Даңқы алысқа жеткен Балқаш мысы – біздің мақтанышымыз. Соңымызда өндірістің қилы-қилы соқпағы жатыр. Қазір ұстаздық үрдістің жоғалып бара жатқанын жасыруға болмайды. Біз еңбекке араласа бастағанда қай ауысымға түссен де, жаныңда тәжірибелі жұмысшы мамандар жүреді. Білгенін үйретеді, жөнін көрсетеді. Басты қағидат – өндірістік апатқа жол бермеу. Менің еңбектегі ұстазым Жолдасбай Оспанов кезінде КСРО Жоғары кеңесінің депутаты болды. Алғашқы еңбек жолымды сол кісінің ауысымында бастадым. Ол кісі бізге металлург болуды жүрекпен ұғыну керектігін түсіндірді. Металлург – мәртебелі мамандық, зор мақтаныш. Өзіміз әкеміздің жолын лайықты жалғастыра алдық деп ойлаймыз. Ал, қазір балаларым мен немерелерім зауытта абыройлы еңбек етіп жүр. Адал еңбек биікке шығарады, – дейді ардагер металлургтің өзі.

Еңбек ерінің қырық жылдан аса жұм-



саған қажыр-қайраты елеусіз емес. Металлургия комбинатының «Үздік металлургті» атанған. Мыс балқыту зауытының құрмет тақтасында суреті ілініп тұр. Омырауына III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін жарқырата таққан. Балқаш кен металлургия комбинатының таңдаулы металлургия болған қадірлі ақсақал «Қазқмыс» корпорациясының Құрметті ардагері деген мәртебеге де ие болды.

Әкелерінің ізгі жолын қос інісі де жалғайды. Ғабдулла Мұқажанұлы мыс зауытында балқытушы болып еңбек етті.

Қазір бейнетінің зейнетін көріп отыр. Тағы бір бауыры Нұршайықстан автотасымалдау цехында механик болып жұмыс істеді.

Еңбек ардагері Қабдырахман ақсақалдың жары Пану да мыс комбинатының кеңсесінде ұзақ жыл аудармашы болып еңбек сіңірді. Үлкен ұлдары Қуанышбек Балқаш түсті металлургия зауытында әлеуметтік сала бойынша қызметкер. Жұмыскерлердің әлеуметтік сала бойынша шаруаларға жауапты. Келіні Гүлмира Ысқақова «Қазқмыс Смэлтингте» кеңсе

қызметкері.

Екінші ұлы – Еркен Балқаштың жанындағы мыс компаниясында аппаратшы. Үлкен немерелері Әліби – комбинаттың теміржол цехында машинисттің көмекшісі.

– Есімдімі әкем қойыпты. «Еркен» деп. Кен – үлкен олжа, байлық қой. Бала кезімнен әкемінің озат металлург екенін біліп, көріп, мақтан тұтып өстік. Біз де өнегелі жолын жалғаймыз дедік. Анамыз да ұзақ жыл комбинатта еңбек етті. Отбасымызбен өндіріс саласындамыз. Комбинаттағы теміржол цехындағы жұмыс үнемі қауырт, қызу. Маңдайымыздың терін төгіп көлеміз. Әлі де ағамызды, әкемізді, жалпы әулетімізді мақтан тұтамыз, – дейді екінші ұлдары.

Металлургтер әулетінің тамыры Балқаш мыс зауытының арғы тарихымен біте қайнасақ. Олардың жалпы еңбек өтілі 250 жылдан асады.

Қабдырахман Мұқажанұлы жақында кітап жазып, жарыққа шығарды. «Шарпыған отпен алысқан» деген атаумен. Онда автор өзімен қатар жүрген 200-ге жуық металлургті кейіпкер етіп жазған. Олардың көбі бақиға аттанып кеткен. «Солардың рухына осылай тағзым жасағым келді», дейді еңбек ардагері. Бұл да озат металлургтің, еңбек қадірлісінің өшпес өнегесі, өлмес мұрасы мен ізгілікті ізі.

БАЛҚАШ

Сурет әулеттің жеке мұрағатынан

• БІЛІМ МЕН БІЛІК

## Металлургтер ұстаханасы

Қарағанды индустриялық университеті – Қазақстанның металлургия саласындағы жетекші оқу орны. Бүгінде университет түлектері қазақстандық және шетелдік өнеркәсіптік кәсіпорындарда сұранысқа ие. Жартылай өнеркәсіптік металлургиялық және прокат жабдықтары, домна пеші мен конвертердің жұмыс істейтін үлгілері мен тәжірибелік алаңы бар университет үшін «Металлург күні» – ерекше мереке. Оны тек жұмысшы мамандығындағылар ғана емес, ғылым өкілдері де атап өтеді.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен ғасырдың ортасында Орталық Қазақстанның индустриялды кешені қарқынды дамыды. Теміртаудағы қара металлургия алабы – Қазақстан Магниткасы елдің тірегіне айналды.

Жаңа өндіріс үшін білікті кадрлардың қажеттілігі университетке жан беріп, даму ерекшелігін айқындады. Жоғары оқу орны құрылған жылы алғашқылардың бірі болып ашылған металлургия факультеті – Теміртауға білікті жастарды жинады.

– Сол кезден бастап, металлургия саласы қарқынды дамыды. Өндірісте инновациялық технологиялар пайда болды. Озық әдістер енгізіліп, өнімді таңдауға сұраныс артты. Қарағанды индустриялық университеті алғаш 1963 жылы Қарағанды металлургиялық комбинаты жанында «ВТУЗ» зауыт ретінде ашылды. 2006 жылы Қарағанды индустриялық университеті болып қайта құрылды.

Жыл сайын жұмыс берушілер өз қызметкерлерінің біліктілігіне жоғары талаптар қояды. Университет ұжымы әрдайым қажетті ұстанымдарға сай болуы үшін білім беру бағдарламаларын үнемі жаңартып, толықтырып отырады. Сондықтан, оқу орнының соңғы 60 жылында оның кафедралары бірнеше рет қайта құрылып, оларға жаңа атау берілді. Бүгінде университетте кәсіби бағыттағы 12 зертхана бар, металлургия орталығы жұмыс істейді. Қазақстандағы жартылай өнеркәсіптік Металлургиялық және илестеу жабдықтары және домна пеші мен тәжірибелік өнеркәсіптік алаңы бар жалғыз жоғары оқу орнында инженерлік бейіндегі зертхана жабдығы қолданылады, – дейді Қарағанды индустриялық университетінің проректоры Галина Александровна.

Бүгінгі таңда ҚарИУ металлургия саласындағы табысты мамандарды дайындай отырып, «Металлургия және металлтану» және «Металдарды қысыммен өңдеу» аталатын екі кафедра ашты. Университетте елімізге және әлемге танымал

ғалымдар, жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы жұмыс істейді.

Сонымен қатар, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы жоғары. Осы орайда оқу орны бүгінге дейін әлемнің 20 елінің университеттерімен 90-нан астам халықаралық шартпен келісімдер жасады. Оның ішінде топ-1000 үздік құрамаға кіретін Times Higher Education (the) the Academic Ranking of World Universities (ARWU) және QS World University Rankings (QS) бар. Атап айтсақ, Портсмут университеті, Мичиган мемлекеттік университеті, Стамбул техникалық университеті, Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университеті және басқалары осы тізімде кездеседі.

Тәжірибе мен білім алмасу – маңызды мақсат. Халықаралық академиялық ұтқырлық әртүрлі елдердің зияткерлік элита өкілдеріне өздерінің жетістіктері туралы теориялық және практикалық ақпаратпен бөлісуге мүмкіндік береді.

Университет осы орайда «Qarmet» АҚ, «Қазакмыс» корпорациясы» АҚ, «Қазхром» АҚ, «QazTehna» ЖШС, «Орталық Азия Цемент» АҚ секілді ірі трансұлттық компаниялармен және өнеркәсіптік кәсіпорындармен байланысты күшейту бойынша тығыз жұмыс жүргізуде.



– Өткен аптада Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттік (IQAA) Қазақстанның үздік жоғары оқу орындары – 2024 ұлттық рейтингін қорытындылады. Бұл жолы рейтингке 51 қазақстандық ЖОО қатысты. ҚарИУ үздік ондыққа кірді. Университет 25 бакалавриат бағдарламасы, 20 магистратура және 5 докторантура бағдарламасы бойынша мамандар дайындауда, – дейді техника ғылымдарының кандидаты, «Металлургия және металлтану» кафедрасының аға оқытушысы Николай Зобнин.

Николай Зобниннің айтуынша, кафедра бірнеше білім беру бағдарламалары арқылы рейтингтерде үнемі бірінші орынға шығады. Осы орайда университет үшін мамандарды даярлауда нарықтың

заманауи қажеттіліктерін ескеру – маңызды. Өйткені, аталған тәсіл білімін қалай қолданып, қайдан жұмыс іздеу керектігін білмейтін жоғары білімі бар адамдарды емес, кәсіпқойларды дайындауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, ҚарИУ бүгінде металлургия өнеркәсібі үшін жаңа технологияларды құрып, оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу бойынша тәжірибелер ұйымдастыруда. Қазіргі уақытта университетте жалпы құны 883,1 млн. теңгені құрайтын 18 ғылыми жоба бар. Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру 2023 жылы 301 миллион теңгеге дейін артқан.

60 жылдан астам уақыт ішінде Қарағанды индустриялық университеті мамандығы бойынша ғалым, өнеркәсіптік кәсіпорын басшылары, қоғам және мемлекет қайраткерлері атанған түлектер тобын дайындады.

12 зертханасы бар университеттің Металлургия орталығы, Құрылыс өндірісі ғылыми-зерттеу институты және Энергия үнемдейтін технологиялар және энергия аудиті орталығы да бар. Студенттері университет қорындағы 300 000 томға жуық ғылыми әдебиетті жастанып оқитын көрінеді. Осының арқасында Британдық Кеңес өткізетін Going Global Partnerships бағдарламасы аясындағы 10 қазақстандық университеттің бірі болып тарихта қалды. Ұлыбританияның Портсмут университетімен бірге бірлескен зерттеулер жүргізіп, трансұлттық білім берудің стратегиялары мен жобаларын даярлауға әзір.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Қаладағы қала

Теміртау – қара металлургияның Отаны. Жалын жұтып, от бүріккен еңбеккерлердің маңдай тері осындай зәу жетістікке жеткізді. Оттың қызуымен қазына жигандар әсте құрметке лайықты. «Қаладағы қала». Металлургтер күні мерекесіне орай Теміртау қаласының Тарихи-өлкетану мұражайында ашылған экспозиция осылай аталады.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Экспозиция осындағы қалақұрушы ірі кәсіпорын ҚарМет тарихы мен күрделі инфрақұрылымы туралы сыр шертеді. Өйткені, аумағы 7 гектар жерді алып жатқан осынау алып өндіріс орнын, шын мәнісінде де, «Қала ішіндегі қала» деуге болады.

Мұражай қызметкерлері экспозицияны дайындау барысында қарапайым мәтіндер, түрлі-түсті шешімдер және көрмені техникалық орналасуы есебінен кәсіпорын дамуы мен өркендеуін 3 деңгейде көрсетіп, танытуға ұмтылған.

– «Қаладағы қала» экспозициясы –



бұл комбинатқа мүлдем басқа қырынан қарағандағы көзқарас. Комбинаттың сызбасына көз салсаңыздар, көшелер, гимназаттар, өндірістік кешендер, теміржол жолдары, медициналық пункттер, өрт

сөндіру бекеттері, автобус аялдамалары, жаяу жүргінші өткелдері бар 700 гектар жер көлемінде орналасқан шағын қаланы көруге болады. Біз ұжымымызбен бірлесіп шешіп, осындай бір көшелі көрмені ұйымдастыруды ұйғардық. Өйткені, біздің сүйікті шаһарымыз металлургтердің қаласы. Көрмеге қала тұрғындары көптеп келеді. Әсіресе комбинатта еңбек еткен ардагерлер ризашылықтарын білдіріп жатыр, – дейді мұражайдың ғылыми қызметкері, көрме кураторы Татьяна Хмелева.

Музей қызметкерлері экспозицияны бірнеше деңгейге бөлген. Бірінші деңгейі – бұл экспозицияның негізін қалаған комбинат сызбасы. Онда ҚарМет негізгі өндірістерінің нысандары түрлі түстермен ұсынылған. Ал, екінші деңгей – бұл түс сызбасы. Осы сызбадағы түс өндіріс атауы және құрылыммен салыстыруға мүмкіндік береді. Ең соңғы үшінші деңгей – сызбадан металл тіректерге және ақпараттық блоктарға өтетін түс сызықтары.

Мұражай қоры және заманауи суреттер, экспонаттар мен мәтіндік материал-

дар арқылы өндіріс тарихы мен технологиясы толығымен ашылады.

Көрменің ашылу салтанатына Қарағанды металлургиялық комбинаттың ардагерлері және Шаңырақ орталығының еріктілері арнайы қатысты.

– Көрме ашылады деп хабар алған соң міндетті түрде баруды мақсат еттік. Баяғы әріптестеріміз жиналып, сол бір оттың ортасында жүріп, болат балқытқан кездерді, еңбектің қайнаған кезін көз алдымызға келтірейік деп. Солай болды да. Мұражай қызметкерлеріне мың рақмет айттық. Көрме жылдағыдан ерек шықты. Сол бір комбинаттағы шақтарымызға сапар шегіп қайттық, – дейді ардагер металлург Өтеген Ғабдуллин.

Экспозиция жексенбіден басқа күндері бір ай бойы жұмыс істейді. Мұнда көрмеге келушілер комбинаттың агломерация, кокс-химия, домна, болат балқыту және илеу, қосалқы цехтары туралы біле алады.

ТЕМІРТАУ

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

## Металлургия – Экономика тірегі

Әлемдік болат өндірісіне зер салсақ, 2022 жылы темірдің бұл түрінің жаһандық көлемі шамамен 1,9 миллиард тоннаны құрады. Қытай – болаттың жартысынан көбін өндіретін ең ірі мемлекет. Үндістан, Жапония, АҚШ және Ресей ірі болат өндірушілердің бестігіне енген.

Түсті металдар өндірісі. 2021 жылы әлемдік алюминий өндірісі шамамен 67 миллион тоннаны құрады. Ал, сол жылы мыс өндірісі шамамен 21 миллион тоннаға жетті. Чили – әлемдегі өндірістің шамамен үштен бірін құрайтын ең ірі мыс өндірушісі.

Экономикалық маңызы. Металлургия өнеркәсібі дүние жүзі бойынша миллиондаған жұмыс орындарын қамтамасыз етіп келеді. Атап айтқанда, Еуропалық Одақта болат өнеркәсібі шамамен 330 мың жұмыс орнын қамтамасыз еткен. Металлургияның көптеген елдердің жалпы ішкі өніміне қосқан үлесі айтарлықтай. Мысалы, Ресейде металлургия елдің жалпы ішкі өнімінің шамамен 5%-ын құрайды.

Инвестиция мен инновация. Соңғы жылдары жаңғырту мен экологиялық технологияларға бағытталған инвестиция үлесінің айтарлықтай өсімі байқалады. Мысалы, Qarmet өндірісті модернизациялауға және қоршаған ортаны қорғауға 3 миллиард доллар шама-сында инвестициялайды. Электр пеші сынды инновациялық технология көмірқышқыл газы шығарындысын азайтып, энергия тиімділігін арттыруда өте маңызды рөл атқарады.

Іргелі мәселелер. Металлургия өнеркәсібі көмірқышқыл газы шығарындысының жоғары деңгейін қоса алғанда, елеулі экологиялық түйткілдерге тап келетіні жасырын емес. Болат өндірісі жаһандық көміртегі шығарындысы көлемінің шамамен 7-9% шамасын құрайды. Өндірістегі қауіпсіздік те маңызды міндет болып қала береді. Шахтадағы жазатайым жарылыстар мен қауіпті заттар бөлінісі сияқты бірнеше ірі апаттар еңбек жағдайын жақсарту және қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау қажеттілігін атап көрсетеді. Аталған дерек қоры металлургия өнеркәсібінің экономикалық және әлеуметтік аспектілердегі маңыздылығын, сондай-ақ, тұрақты даму мен инновациялық технологияларға инвестиция құя түсу қажеттілігін аңғартады.

Қазақстанның металлургиялық кәсіпорындары 2023 жылдың қорытындысы бойынша болат өндірісін 2022 жылмен салыстырғанда 16,4%-ға, яғни, 3,92 млн. тоннаға дейін ұлғайтқан. Еске салайық, мемлекетіміз титан, уран, ферроқорытпа және басқа да түсті металдар өндірісі бойынша әлемдегі жетекші орындардың бірі иеленеді. Өндірілген металдардың негізгі бөлігі Қытай, Ресей және Еуропалық Одақ елдеріне экспортталады. Металлургия өнеркәсібі республикамызда ондаған мың адамды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді. Негізгі металлургиялық кәсіпорындар Қарағанды облысында шоғырланған.

Әзірлеген,  
Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ





ТАНЫМ

«Көрші нақысы – Тәңір ақысы»

Жаһанданумен жағаласып, әсіресе ақпараттық та денден келеді. Күн санап, кісікіктеніп, көлденен өткенге күмәндана қарайтынмыз жасырын емес. Бұған не себеп? Өзімізге сенбеуіміз бе? Жоқ, әлде өзгенге сенбеу ме? Қалай десек те, қазір құрыш есік құрған қала тұрғындары қарама-қарсы пәтердегі үй тұрғындарының түр-түсіні, сой-сопысын анық айтады деу қиын. «Көрші нақысы – Тәңір ақысы» деген мәтел де ұмыт қалды. Ежелден еліміз жалғыздықты жек көрген. «Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпас» деген тәмсілді де тегін айтпаса керек. Осы тұста Аналар кеңесінің мүшесі, ұстаз Күліш Төлеуханқызының мынадай пікірі бар.



Суретші: А.С.Сарыбаев

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Қазір арасынан қыл өтпес көрші бар ма? Иә, бар шығар анау шалғайдағы ауылдарда. Онда да тек алысты алқымдаған қариялар ақылының арқасында арақатынас үзбей отырғандар. Осыдан бір 10 жыл кейін алсақ. Ауылды жер. Көршісінің үйіне келіп түсіп немесе қонақ келіп жатқан абыр-сабыр шак. Мал сойылып, қазан көтерілуде. Анау үйде қазан ұстап қалбаңдап жүрген көрші маңайдың қыз-келіні. Жездікпен тері түсіріп, ет бұзып жатқан да көршінің отағасы. Әсерлі көрініс шіркін! Қайғыда қуанышқа да

бір атаның баласындай біріге кетер, татулық пен жанашырлық көрінісіне көз таятын. Ертеде әжелеріміз «Туыс – атадан, көрші – Алладан» деп отырушы еді. Жақсы көршің жаюлы киіз-текеметің емес пе?! Қашан барсаң, қарсы алып, дастарханын жайып, самаурының сақыратып күтіп жібереді. Туысқа айтпас сырды да саяқтайтын асыл адамдар көрші ұғымы. Көршің діні, салты, тілі де басқа болуы мүмкін. Бірақ, ол – сенің көршің. Бұл сәтте тек ішкі саналар тілдесіп, ізетпен бөтуаласар бауырмалдылық керек, – дейді Күліш Төлеуханқызы. Расында, ескі әдеби кітаптар мен қариялар сөзіне назар салсақ,

көршінің құны жоғары. Ескі үйден көшсе де, көрші-қоланды жыпы, дәм берген. Жаңа үйге көшіп келгенде де сол маңайдың тұрғындарын танысын-танымасын жинап, дәм ауыз тигізетін. Мұны қазақ «ерулік» дейді. Сол «еруліктің» үстінде жаңа көршілермен танысып білісіп, жақындасып ағайындас болып кететін. Осы орайда облыстық Әнет баба атындағы орталық мешіттің ұстазы, «Шарифат және бөту» бөлімінің басшысы Юсупбек Шұғайұлы «Әрбір мұсылман баласы үшін көршінің төрт түрі болады» дейді. – Қазақтың салтында көршінің орны қашанда биік. Ал, қазақ – салт пен діннен бір елі ажырамаған

халық. Көршіге қатысты нақыл да көп айтылған. Солардың бір мысалы «Көршің үшін намазыңды бұз» дегені. Астарына аңдасақ, бұл – ең әуелі намазды бұзбауға емес, көршінің қадірін білуге шақырар мысал. Жалпы, көршінің төрт түрі болады. Мәселенкі, сіз туысыңызбен қатар қоныстандыңыз дейік. Олай болса, ол кісінің сізде, сіздің ол туысыңызда үш түрлі, бірінші – туыстық, екінші – мұсылман бауыр ретінде, үшінші – көршілік хақыңыз бар. Енді бір көршіңіз туыс емес, бірақ, діндес, оның екі хақысы, ал, келесі бір көрші мұсылман емес, бірақ, туыс көршіңіз, оның да екі хақысы болады. Төртінші, тек көршілік қана хақысы бар, бірақ, өзге діндегі, туыс емес, тек қатар қоныс тепкен көршілер болғаны үшін. Бұл адамның сізде, сіздің онда көршілік хақыңыз бар. Мұхаммед пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тіпті, үйді, жерді сатарда әуелі қабырғалас көршісімен ақылдасуға бұйырады. Бұны шарифатта «әш-шұғфа» басымдық беру деп атайды. Яғни, егер сіз үйіңізді немесе басқа да жылжымайтын мүлкіңізді сататын болсаңыз, бірінші кезекте көршіңізге хабарлауыңыз керек. Өйткені, көршіңіздің ақысы басқаларға қарағанда басымдық, – дейді Юсупбек Шұғайұлы.

Міне, тағылым іздегенге таптырмас тәлім, айнамыс айғақ осы. Үй арасында үй жоқ көршінің былай қойғанда ата-бабамыз көрші ұлтты қадір тұтқаны тарих тарауында. Ғұн патшасы Мөде қаған көршімен арадағы татулық үшін хас сұлу жарын, астындағы жел жетпес атын бергені талайдың аузында эпсана болып айтылып жүр. Ал, біз құлжасы қожырап, құланы кісінеген сайын далаға «сыймай жүрес, бір сәрі, сыйыса алмай жүр емеспіз бе?!» Бұл тұрғыда тамсана айтар тағылымды тарих, эпсаналы әңгіме көп. Бүгінгімізге оралып, сіздің жайды сұраймысыз. Сіз, құрметті оқырман, көршіңізді танысыз ба? Онымен ағайынша араласпасаңыз да, арақидік хал сұрасып тұрасыз ба?!

ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

Кешенді жөндеу басталды

Сұрыптаудағы «Локомотив» спорт кешенінің жөндеу жұмыстары басталды. Сондай-ақ, «Дельфин» жүзу бассейнінің душ бөлмелері жөнделіп, плиткалары жаңартылуда.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бассейнге тек Сұрыптау тұрғындары ғана емес, Майкұдықтан да келушілер қарасы қалың. Осы уақыт ішінде, тек ағымдық жөндеу жасалғандықтан, биыл шатыр, желдету және сантехника толығымен ауыстырылмақ.

Жалпы, спорт кешенінің өзінде футбол мектептері, ауыр және жеңіл атлетика секциялары, балалар лагері бар. Ішкі бөлмелер және киім ауыстыратын бөлмелерді желдету және жылыту жүйелерін жөндеу жоспарланған. Бүгінгі күні бөлшектеу аяқталып, әрлеу жұмыстары мен терезелерді ауыстыру басталып кетті. Жөндеуден кейін қосымша күрес залы

мен шахмат мектебі ашылмақ. – Жоспар бойынша жөндеу жұмыстары қараша айында аяқталуы тиіс. Жұмысшылар кестеге сай жұмыс істеуде. Материал мен жабдықтың басым бөлігі жеткізілді. Құрылысшылар ауа райы жақсы болса, кешке дейін жұмыс істеуге тырысады, – дейді «Локомотив» спорт ғимаратының меңгерушісі Данияр Қайрақбаев. Қазіргі таңда спорт кешенінің аумағы да абаттандырыла бастады. Алдағы уақытта тротуар плиталары ауыстырылады. Болашақта түрлі жастағы балаларға арналған ойын алаңдарын орнату көзделген.

Advertisement for 'Шиналар' (Tires) featuring various tire brands like 'Алтайский шинный комбинат' and 'Росава'.

Advertisement for 'Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін...'.

Advertisement for '«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Бахтияр Ғабдоллаұлы Әйешовке әкесі, ішкі істер органының ардагері Ғабдолла Нестайұлы ӘЙЕШОВТІҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.'

Table with 2 columns: ХАБАРЛАНДЫРУ (Announcements) and ОБЪЯВЛЕНИЕ (Advertisement). Contains information about taxes and services in the Karaganda region.

Table titled 'НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!' (Attention, Auction!!!) for 'Банк ЦентрКредит' (Bank CenterCredit). Lists auction lots with details on location, area, and price.

Table titled 'ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!' (Attention, Auction!!!) for 'АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»' (AO 'Bank CenterCredit'). Lists auction lots with details on location, area, and price.

Table titled 'НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!' (Attention, Auction!!!) for 'Банк ЦентрКредит' (Bank CenterCredit). Lists auction lots with details on location, area, and price.


Table titled 'ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!' (Attention, Auction!!!) for 'АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»' (AO 'Bank CenterCredit'). Lists auction lots with details on location, area, and price.

• БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

## Дәуір тынысының тамыршысы

Бердібек Соқпақбаев – тоталитарлық тәртіп өктемдік құрған уақыттың өзінде-ақ дәуір шындығын астарлап, ишарат-емеурімен бере білген жампоз жазушы.

Көп жазушының балалар үшін тұшымды дүниелер жазуға жүрегі дауалай бермейтіні, балалар әлеміне бейкүнә көзбен қарауға жүрексінетіні белгілі. Балалар әдебиетінің дамуына айрықша үлес қосқан Бердібек Соқпақбаев қоғамға балалар көзімен үңілуді мақсат тұтты. Устанымы қалыптасқан жазушы шын мәнінде, ешқандай саяси, қауіпті тақырыпты тандап алмаса да, астарлай отырып, сол заманның дертіне білгір тамыршы бола алды.



Сурет шығармашылығы

Ресми органдар, цензуралық бақылау мекемесі – бәрі де сол кезде аса ділгір қажетті салаға жататын балалар әдебиеті шығармаларына «кеңпейілділік» танытты. Соның арқасында жазушы тікелей қауіпті айыптаулардан аман қалды. Алайда, партиялық ұйымдар тарапынан аздаған сенімсіздік, күдіктену болғанын жасырмаған жөн.

Шыңғырған шындықты жас маманның көзімен бейнелеуі идеологиялық кеңістікте қалың жұртшылыққа ерекше ұнағанымен, цензура жүйесі мүлтіксіз аңдып отырған әдебиеттану ғылымында соншалықты жоғары бағаға ие болған жоқ.

Бердібек Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романын талдап, баға берген сыншылар небәрі он бестер шамасындағы жас-

тың сол кезеңдегі ауыр оқиғалар аясында (екінші дүниежүзілік соғыс, ер-азаматтардың майданға аттануы, елдегі күрделі жағдайлар) іс-әрекет жасауы, еңбек етуі, яғни, қалыпты жағдайға орай деп сараптайды. Ержеткен Еркіннің келіншегі Зағипамен бірге алыстағы облысқа арнайы жолдамамен барып, мұғалім болып жүргенде басынан кешкен құқайларын егжей-тегжейлі баяндауын бөлендей дұрыс деп тапайды.

Асылы романдағы Нұралы, Сегізбай секілді кейіпкерлерді бұрынғы әдетпен «жағымсыз» деп қысқаша қайыра салғаннан гөрі, қанды қасаптың оларға майдай жаққанын, іс-әрекеттеріндегі лас қылықтардың, түп-төркініне үңілген абзал. Демек, «қоғам деген ұғымның өзі адамдар тобынан тұрады» дегенді қаперге алсақ, сол

қоғамның өзі әлгі Нұралы, Сегізбай секілді жандарды, сондай-ақ, ауданның кейбір басшылары мен «ақ» дегені алғыс, «қара» дегені қарғыс сол өңірдегі мектеп директорларын уақыт сахнасына еркінсіте шығарғаны ма? Білік те, тіпті, қоғам да ондай адамдарды жатырқамайды, ел ішінде олардың әпербақан ғана емес, шын қаласа, қарсы келген адамды құртып жіберер қауіпті адамдар екенін біле тұра, айтуға қорқатын жандар көп.

Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі өзіне бағынышты мектеп директорына сөзін өткізе алмайтынын бас кейіпкер Еркіннің әшкере етуі, тұжыра айтсақ, сол кезеңдегі әлеуметтік сипатқа ие болған келеңсіздіктерге оның ғана төзбеуі деп қабылдамай, кеудесінде ұлттың сүйер махаббаты бар көп адамдар-

дың ой-пікірі деген орынды. Тек соны жинақтап айту, бейнелей келе жеткізу біраз қалам иелеріне бұйырса да, Б.Соқпақбаев солардың ішінде бірегейі екеніне ешкім шек келтіре қоймас.

Егер жанр ұғымының тарихи категорияға жататынын ескерсек, аталмыш романды жан-жақты саралай келе, әлеуметтік деректілік әрі көркемдік, кей тұсында публицизм сипаттар тоғысқан ғұмырнамалық (мемуарлық) роман деп бағалаған орынды.

Жалпы, жазушы шығармашылығынан аңғарылатын жайт – ірілі-ұсақты шығармаларында бой көрсететін балалық шақтың бейкүнә уақытын аңсайтындар, әрқайсы өзіндік мінездері мен сұлбаланған жандар. Мінез – кез келген адамның байлығы. Түрлі мінез, ниет, пиғылдан адам өмірі туындайды. Алуан мінезді бейнелерді кескіндей отырып, Б.Соқпақбаев қандай ұстанымға ие болды, идея мен идеалы неден туындады деген сауалдарға жауап іздейтіні анық.

Қаламгердің шығармашылық ұстанымы мен азаматтық болмысының қалыптасуына айрықша әсер-ықпал еткен жайт өзі ғұмыр кешкен уақыт пен кеңістіктегі көрген-білгендері арқасында пайда болған «ұлтшылдық» дер едік. Ұлтшылдық оның намысын оятты. Сондықтан, қазақ баласы төңірегін дүр сілкіндіріп, спортта топ жарды, чемпион атанды. Кәмететке де толып үлгермеген Еркін өктемдік пен тоғышарлықтың, дүлей күш пен топастықтың символына айналған Нұралылар тобына жалғыз өзі қарсы шығып арпалысты. Сол намыстың арқасында шалғайдағы өңірлердің басшыларының бірі бастап, оның төңірегіне топтасқан пиғылы теріс, рушылдық, жершілдік туын көтерген топқа қарсы аянбай алысты. Жазушыны шырқытқан, намысын қайраған жайттар осы болса керек.

**Қарлығаш ХАМЗИНА,**  
**Ә.Сағинов атындағы**  
**Қарағанды техникалық**  
**университетінің**  
**доценті, филология**  
**ғылымдарының кандидаты**

## «Жүлдесіз қайтпайтынына сенімдімін»

Ұлттық олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкин «Қазақстан құрамасы Жазғы Париж – 2024: XXXIII Олимпиадасынан медальсіз оралмайды» деп кәміл сеніммен айтуға. Бұл туралы ол Los Angeles Times-ке берген сұхбатында мәлімдеді.



Сурет шығармашылығы

**Жан АМАНТАЙ,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

Комитет басшысының сөзінше, бұл сынға ұлттық құрама дайындығы мығым. Елімізден баратын 80 қатысушы дүниенің төрт бұрышынан жиналған елдермен 81 медаль жиынтығын сарапқа салады.

– Ең алдымен, біздің спортшылар бұл сыннан жүлдесіз қайтпайды деп зор сеніммен айтамын. Спортшылар тәжірибесіне қарап емес, тағдырында қазақ болып туылғаны үшін де жүлделі болады, – деді Геннадий Головкин.

Расында, атағы әйгілі боксшының бұл сөзі ел көңіліне қуаныш ұяларатын сөзсіз. Сонымен қатар, ол жарыс басталғаннан бастап, ел құрамасын қолдап-қолпаштаудан кенде етпейтінін айтты. «Олар

менің қолдауымды түрлінен-ақ көреді» деп аяқтады сөзін Головкин.

Сонымен қатар, құрама сапындағы ең жас спортшы – ол 13 жастағы Екатерина Руденко. Ол 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасына да қатысып,

100 метрге шалқалай жүзуден 45-орынға ие болған еді. Осы тізімді Анастасия Прилепа, Ольга Кожевникова, Мәлдір Әзімбаев, Юлия Рисик, Елена Скалинская, Михаил Емельянов, Артур Дилман, Сабина Әшірбаева жалғайды. Олар шалқалай және еркін жүзу, спорттық гимнастика, каноэ-де ескек есу, көркем гимнастика сынды спорт түрлерінен ел намысын қорғамақ.

• ФУТЗАЛ

## «Тұлпар» – алаңда!

Қазақстанның титулды командасы «Тұлпар» алаңға оралды. Ұжым биыл бірінші лигада топ жарған соң, Премьер-Лигаға жолдама алды және жоғары дивизионда өнер көрсететіндерін ресми түрде растады.



Сурет шығармашылығы

**Ерік НАРЫН,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

«Тұлпардың» Қазақстан футболындағы алар орны бөлек. Жеңісте де, жеңісте де бірге болатын жанкүйерлері де, талай жыл қалыптастырған дәстүрі де бар ұжым. 2001-2016 жылдар аралығында Қазақстан чемпионатының 13-іне қатысып, соның онында жүздегерлер катарынан көріне білді.

Қазақстан кубогының үш дүркін жеңімпазы және суперкубок иегері. Команда екі рет чемпиондар лигасының элиталық раундына қатысқан. «Тұлпар»

шәкірттері ұзақ жылдар бойы Қазақстан ұлттық құрамасының сапын толтырып келді. Шыңғыс Есенаманов, Дәурен Нұрғожин, Арнольд Кнауф, Ақжол Дәрібай сынды санлақтар шыққан. Осы күнде халықаралық ареналарда ұлттық құраманың қақпасын күзеткен атақты Игитаның өзі «Тұлпардан» түлеп ұшқан.

Ұжымның бапкері Әміржан Мұқановтың кезінде «Тұлпар» алматылық «Қайратқа» сес көрсетер жалғыз ұжым болды. Сес көрсетіп қана қоймай, талай мәрте жарыс жолынан шығарған.

Қазақстандық футболдың аты аңызға айналған «Тұлпар»...

• ЧЕМПИОНАТ

## Мұз үстіндегі мәнер

«Қарағанды-Арена» мұз сарайында мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан Республикасының жазғы чемпионаты өтті. Қыздар арасындағы жарыста Софья Самоделкина жеңімпаз атанды.

**Ерік НАРЫН,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

Чемпионатқа еліміздің сегіз аймағынан 54 спортшы қатысты.

Астаналық Софья Самоделкина көш басынан көрінді. Ал, алматылық София Фарафонова күміс тағынды. Павлодардан келген Анна Санникова қола жеңіп алды.

Ұлдар арасында бірінші орынды Шымкенттен келген Олег Мельников, екінші орынды алматылық Никита Кривошеев, үшінші орынды қызылордалық Артур Смағұлов алды.

Софья Самоделкина өткен жылы азаматтығын ауыстырды. Ол енді халықаралық жарыстарда Қазақстанның атынан қатысады. Қазір 17 жастағы Софья Астанада өнер көрсетуде.

– Қарағанды ұнады! Жылы қабылдады. Мұз айдыны да жайлы. Ешқашан босансуға және қарсыластарды бағаламауға болмайды. Әрқашан өз бабыңызды сақтап, алда болуға тырысуыңыз керек. Мен екі бағдарлама бойынша сырғанағым келді. Біреуі – динамикалық, екіншісі – лирикалық. Бұл спортпен 13 жылдан бері айналысып келемін. Спортқа ата-анам баулыды. Мен қандай үлкен жарыстарға қатысқым келетінін әзірге білмеймін. Бірақ, жаттығуды күшейтемін, – деді Софья Самоделкина.



Чемпионат қорытындысы бойынша Гран-при және халықаралық старт кезеңдеріне спортшылар іріктелді. Суреттерді түсірген А.МАРЧЕНКО

**ORTALYQ QAZAQSTAN**

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісулы**  
**ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
**Оксана Вячеславовна**  
**МЯГКИХ**

Бас редактордың м.а. –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Бас редактор –  
**Е.К. МҰСАБЕК**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**

Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**

Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция кезқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 200

№ 80 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**  
Кезекші редактор **Салтанат ШИЯШ**